ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:
Ш.Ж.Бауыржан
Хаттама №1
«27» тамыз 2026 ж.

Келісемін:
ДОІЖО:
Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Ы.А. Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Мұғалімі: Жүсіп Аружан Қыдырәліқызы

Таңдау пәні: Музыка

Сынып: 3 «В»

Сағат саны: 34

Шымкент қаласы

2026 - 2027 оқу жылы

Scanned with CamScanner

«Музыка» пәнінен күнтізбелік – тақырыптық жоспар (3 сынып)
Алматы «Алматыкітап» 2026ж Л.М.Нарикбаева.А.Ш.Махамбет.С.Г.Оспанғалиева.А.Д.Амангелді
Пәннің оқу жүктемесі аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

"Музыка" оқу пәнінің оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).
«Музыка» пәні ҚРБҒМ 2022 жылғы 16 қыркүйек №399 бұйрығымен бекітілген (33- қосымша) **«Музыка»** пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

"Музыка" оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) *"Музыка тыңдау, талдау және орындау":* музыкалық сауаттылық. Ұғымдар: музыкалық лад, музыкалық форма, интонация, музыкалық штрихтар, музыкалық өлшемдер (2/4, 3/4), метр, үлес, әлсіз үлес, екпінді үлес, ансамбль, оркестр, айтыс, терме, халық билері, бал билері, заманауи билері, лирикалық музыка, батырлық музыка, балет, опера, речетатив (тақпақты саз), концерт; музыканы тыңдау және талқылау. Музыкалық шығармаларды тыңдау және талдау: сипаты (көңілді, мұңды, ойнақы, нәзік), мазмұны, жанр, музыкалық көркем құралдарды (әуен, екпін, динамика, регистр, ырғақ, музыкалық лад, форма, интонация, штрихтар, музыкалық өлшем), көркем образ. Музыкалық шығарманы әуен, интонация арқылы анықтау; музыкалық жанрлар: ән, марш, би, айтыс, терме, опера, балет, симфония. Дәстүрлі музыка орындаушылары: ақын, термеші, сал, сері. Негізгі музыкалық интонациялар. Музыкалық формалар: шумақты, шумақты-қайырмалы, бір бөлімді, екі бөлімді, музыкалық штрихтар, музыкалық өлшем. Ұлттық, үрмелі, симфониялық оркестрлердің музыкалық аспаптардың топтары. Орындаушылардың саны бойынша ансамбль түрлері; аспаптарда ойнау және ән айту. Әнді дирижерлық қимылдардың көмегімен орындау. Ән айту ережелерінің көмегімен түрлі сипаттағы әндерді көркем образдарын көрсете отырып орындау. Қарапайым әуендерді нота арқылы орындау. Соқпалы аспаптарда (балаларға арналған, ұлттық аспаптар) ойнау арқылы дағдыларын көрсету, музыкалық штрихтарды аспапта орындау барысында қолдану;
2) *"Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру":* қарапайым музыкалық шығармаларды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркем құралдарды қолдану: нота ұзақтықтары, паузалар, екпін, ырғақ;
3) *"Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау":* меңгерілген музыкалық білімдері мен дағдыларын шығармашылық жұмыстар арқылы көрсету. Өзінің және басқалардың шығармашылық жұмыстарын бағалау.

3–сыныпта «Музыка» оқу пәнінің оқытуда музыкалық сауаттылық бойынша жалпы ұғымдармен таныстыруға болады. Музыкалық жанрлар, формалар жайлы жалпы көзқарастары үшін тапсырмалар беріледі, нота сауаттылығы тереңдетіп оқыту талап етілмейді. Ән айту ережелерін сақтап, тыныстыдұрыс алып, мәтінінің мазмұнын дұрыс ұғынып, сөзді анық дыбыстап, мәнерлі орындаушылық дағдыларын қалыптастыра түсуге баса назар аудару керек. Ұлттық құндылығымыз-халық күйлерін тыңдата отырып, күй барысында қайталанатын әуен буындарына лайықтап сөз құрауға үйрету арқылы ұлттық бояуды бала жадында сақтау әдісі ұсынылады.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.
Музыка пәні 3сынып
Алматы «Алматыкітап» 2026ж Л.М.Нарикбаева.А.Ш.Махамбет.С.Г.Оспанғалиева.А.Д.Амангелді
Аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат

р/с	с/с	Ауыспалы тақырып	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
				I тоқсан			
1	1	1-бөлім: ЖАНДЫ ТАБИҒАТ	**Музыка-табиғаттың үні**	3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтаужәне салыстыру 3.1.1.2 - музыкалық шығармаларды интонация, әуен арқылы танып ажырату	1	02.09.26	
2	2		**Құстар әні**	3.1.2.1 – көркем образдарды ашаотырып, түрлі сипатты әндердіорындау. 3.1.2.2. – әнді негізгі дирижерлық қимылдар көмегімен орындау	1	09.09.26	
3	3		**Орман синфониясы**	3.1.3.1 - музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау және оларды орындауда қолдану. 3.1.3.3 - музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату	1	16.09.26	
4	4		**Жайлау үні**	3.2.1.1 – музыкалықшығармашылық жұмыстар жасау үшін өз идеясын ұсыну;	1	23.09.26	
5	5	**н үйрен, жаманнан жирен**	**Жақсылық жасау жүректен**	3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтаужәне салыстыру 3.1.1.2 – музыкалық шығармаларды интонация, әуен арқылы танып ажырату	1	30.09.26	

6	6		**Достық үні**	3.1.3.1- музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау және оларды орындауда қолдану. 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату	1	07.10.26	
7	7		**Бірлік түбі - береке**	3.2.1.1- музыкалық шығармашылық жұмыстар жасау үшін өз идеясын ұсыну 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату	1	14.10.26	
8	8		**Еңбек-өмірдің сәні**	3.3.1.1 – өз шығармашылық жұмысын көрсету, өзінің жәнеөзгелердін жұмыстарын бағалайбілу	1	21.10.26	
II тоқсан							
10	1	**3-бөлім: Уақыт**	**Музыканың өткені мен бүгіні**	3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтаужәне салыстыру	1		
11	2		**Сағат сырлары**	3.1.2.1 – көркем образдарды ашаотырып, түрлі сипатты әндердіорындау; 3.1.2.3 - музыкалық штрихтарды қолдана отырып,аспаптарда ойнау дағдыларын көрсету	1		
12	3		**Жыл мезгілдері музыка әлемінде**	3.1.3.2 – музыкалық форманың құрылымын анықтау: шумақ, шумақ-қайырма, бір бөлімді, екі бөлімді. 3.1.3.4 - музыкалық жанрлар мен стильдерді анықтау және ажырату.	1		
13	4		**Таңғы жіне кешкі әуендер**	3.2.1.1- музыкалық шығармашылық жұмыстар жасау үшін өз идеясын ұсыну. 3.2.1.2 – қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркемдеуші құралдарды қолдану	1		
14	5	**4-бөлім:**	**Ән салған ғимараттар**	3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтаужәне салыстыру	1		

15	6	**Сәулет өнері**	**Музыкалық импровизация және сәулет өнері**	3.1.2.1 - көркем образдарды аша отырып,түрлі сипатты әндерді орындау. 3.1.2.2. – әнді негізгі дирижерлық қимылдар көмегімен орындау.	1		
16	7		**Музыканың қасиеті**	3.1.3.2 – музыкалық форманың құрылымын анықтау: шумақ, шумақ-қайырма, бір бөлімді, екі бөлімді. 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату.	1		
17			**Музыкалық штрихтар және сәулет өнері**	3.1.3.2 – музыкалық форманың құрылымын анықтау: шумақ, шумақ-қайырма, бір бөлімді, екі бөлімді. 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату.			
III тоқсан							
17	1	**5-бөлім: Өнер**	**Музыка-өнер патшайымы**	3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтаужәне салыстыру. 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату	1		
18	2		**Саз баяуы мен сурет үні**	3.1.2.1 - көркем образдарды аша отырып,түрлі сипатты әндерді орындау. 3.1.2.2. – әнді негізгі дирижерлық қимылдар көмегімен орындау.	1		
19	3		**Әуенмен үндескен қимыл**	3.1.3.2 – музыкалық форманың құрылымын анықтау: шумақ, шумақ-қайырма, бір бөлімді, екі бөлімді. 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату	1		
20	4		**Музыка және театр**	3.2.1.1- музыкалық шығармашылық жұмыстар жасау үшін өз идеясын ұсыну 3.1.2.2. әнді негізгі дирижерлық қимылдар көмегімен орындау.	1		
21	5		**Кино және мультфильм музыкасы**	3.2.1.2 – қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркемдеуші құралдарды қолдану. 3.1.3.4 - музыкалық жанрлар мен стильдерді анықтау және ажырату.	1		

22	6	6-бөлім: Атақты тұлғалар	**Әлем композиторлары**	3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтаужәне салыстыру 3.1.1.2 -музыкалық шығармаларды интонация, әуен арқылы танып ажырату	1		
23	7		**Ұлы Дала сазгерлері**	3.1.2.1 - көркем образдарды аша отырып,түрлі сипатты әндерді орындау. 3.1.2.2. – әнді негізгі дирижерлық қимылдар көмегімен орындау.	1		
24	8		**Қазақстанның композиторлары**	3.1.3.1- музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау және оларды орындауда қолдану. 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату	1		
25	9		**Қазақстанның дирижерлері**	3.2.1.2 - қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркемдеуші құралдарды қолдану 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату	1		
26	10		**Музыка тарихындағы батырлмар**	3.3.1.1 – өз шығармашылық жұмысын көрсету, өзінің және өзгелердің Жұмыстарын бағалай білу 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату	1		
IV-тоқсан							
27	1	7-бөлім: Су-тіршілік көзі	**Су – табиғат сазгерлері**	3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтаужәне салыстыру. 3.1.1.2 - музыкалық шығармаларды интонация, әуен арқылы танып ажырату.	1		
28	2		**Өзен мен көлдің әуендері**	3.1.2.1 - көркем образдарды аша отырып,түрлі сипатты әндерді орындау. 3.1.2.2. – әнді негізгі дирижерлық қимылдар көмегімен орындау.	1		

29	3		**Тамшы симфониясы**	3.1.3.1- музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау және оларды орындауда қолдану. 3.1.3.3 –музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату.	1		
30	4		**Мерекелік әндер**	3.2.1.2 - қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркемдеуші құралдарды қолдану. 3.1.3.4 - музыкалық жанрлар мен стильдерді анықтау және ажырату.	1		
31	5	**8-бөлім: Демалыс мәдениетіКелМерекелік ер**	**Мерекелік би әуендері**	3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтаужәне салыстыру 3.1.3.4 - музыкалық жанрлар мен стильдерді анықтау және ажырату.	1		
32	6		**Музыка-саяхаттың серігі**	3.1.2.1 - көркем образдарды аша отырып,түрлі сипатты әндерді орындау. 3.1.2.2. – әнді негізгі дирижерлық қимылдар көмегімен орындау.	1		
33	7		**Музыка-адамзатқа ортақ тіл**	3.1.3.4 - музыкалық жанрлар мен стильдерді анықтау және ажырату. 3.1.3.5 - ұлттық, үрмелі, симфониялық оркестр аспаптарын ажырату.	1		
34	8		**Жаздың шаттық әуендері**	3.2.1.1- музыкалық шығармашылық жұмыстар жасау үшін өз идеясын ұсыну. 3.2.1.2 – қарапайым музыкалық-шығармашылық жұмыстарды шығару және импровизация жасау үшін музыкалық көркемдеуші құралдарды қолдану	1		

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Пәні:	Музыка, Алматыкітап	
Бөлім:	*Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен*	
Педагогтің аты-жөні	Жүсіп А.Қ.	
Күні:	30.09.2026ж	
Сынып: 3В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	***5-сабақ: Жақсылық жасау жүректен***	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.1.1- тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын, көркемдеуші құралдарын анықтаужәне салыстыру 3.1.1.2 – музыкалық шығармаларды интонация, әуен арқылы танып ажырату	
Сабақтың мақсаты	• жақсылық пен адамгершілік ұғымдарын музыка мазмұнымен байланыстырады; • балет жанрының ерекшелігін анықтайды; • П.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетіндегі екі музыкалық үзіндіні тыңдап, сипаты мен көркемдеуші құралдарын салыстырады; • шығармаларды интонациясы мен әуені арқылы ажыратады; • дыбыс ұзақтығын анықтап, бүтін, жартылық, төрттік және сегіздік ноталарды ажыратады; • «Ұстаздарға қошемет» әнін орындайды.	
Құндылықтарға баулу	Мейірімділік, жақсылық жасау, адамгершілік, ұстазды құрметтеу, жауапкершілік.	

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	***Педагогтің әрекеті***	***Оқушының әрекеті***	***Бағалау***	***Ресурстар***
Сабақтың басы (5 мин) **Білу**	Ф.Оңғарсынованың оқулықтағы жақсылық туралы өлең жолдарын оқытады. «Жақсылық деген не? Жақсылықты қандай әрекеттен көреміз?» деп сұрайды.	Өлең мазмұнын талдайды, жақсылыққа мысал келтіреді. **Дескриптор:** жақсылық ұғымын түсіндіреді – **0,5 балл**; өмірден мысал келтіреді – **0,5 балл.** **Барлығы – 1 балл.**	**ҚБ: «Жақсылық жүректен».** Саралау – диалог арқылы.	Оқулық, 17-бет
Сабақтың ортасы **Түсіну** (6 мин)	«Тышқандар шайқасы» және «Пері Драже биін» тыңдатады. Қай шығарма жақсылықты бейнелейтінін анықтатқызады.	Екі шығарманы тыңдайды, образдарын анықтайды. **Дескриптор:** екі шығарманың сипатын анықтайды – **1 балл**; қайсысы жақсылық образын бейнелейтінін дәлелдейді – **1 балл.** **Барлығы – 2 балл.**	**ҚБ: «Екі әуен – екі образ».** Саралау – нәтиже бойынша.	Оқулық, 18-бет; «Тышқандар шайқасы»: https://qrmedia.kz/479PX «Пері Драже биі»: https://qrmedia.kz/VsRMZ

Scanned with CamScanner

Талдау (10 мин)	Екі шығарманың **жылдамдығын, динамикасын, әуенін, көңіл күйін** салыстырады. Балет ұғымын түсіндіреді.	Музыкалық көркемдеуші құралдарды салыстырады. **Дескриптор:** кемінде екі көркемдеуші құрал бойынша шығармаларды салыстырады **– 1 балл.**	**ҚБ: «Музыкалық салыстыру».** Саралау – тірек сөздер арқылы.	Интерактивті тақта
	Оқулықтағы дыбыс ұзақтығы кестесін түсіндіреді: **бүтін, жартылық, төрттік, сегіздік нота.** Қадам арқылы ұзақтықты көрсетеді.	Нота ұзақтықтарын ажыратады, қадам/шапалақ арқылы көрсетеді. **Дескриптор:** нота ұзақтықтарын дұрыс ажыратады **– 1 балл.**	**ҚБ: «Нота қадамы».** Саралау – қарқын бойынша.	Оқулық, 18-бет
	«ЖИ ноталарды шатастырды!» ЖИ: «Бүтін нота – 1 қадам, төрттік нота – 4 қадам» дейді. Қатені түзетуді ұсынады.	ЖИ қатесін анықтайды. Бүтін нотаның 4, жартылықтың 2, төрттіктің 1 қадам екенін түсіндіреді. **Дескриптор:** қате ақпаратты анықтайды **– 0,5 балл;** дұрыс нұсқасын көрсетеді **– 0,5 балл.** **Барлығы – 1 балл.**	**ҚБ: «ЖИ-ге нота кеңесі».**	ChatGPT слайд
Қолдану (8 мин)	Екі шығарманың қысқа үзіндісін атаусыз қайта тыңдатады.	Интонациясы мен әуені арқылы шығарманы таниды. **Дескриптор:** екі музыкалық шығарманы әуені арқылы дұрыс ажыратады **– 1 балл.**	**ҚБ: «Әуенінен таны».**	Аудио
Жасау (Жинақтау) (10 мин)	А.Махамбеттің **«Ұстаздарға қошемет»** әнін үйретеді. Мәтінді талдатып, ән айту ережесін сақтауға бағыттайды.	Әнді үйреніп, ұстазға құрмет сезімін жеткізе орындайды. **Дескриптор:** ән әуенін дұрыс орындайды **– 1 балл;** әннің көркем образын мәнерлеп жеткізеді **– 1 балл.** **Барлығы – 2 балл.**	**ҚБ: «Ұстазға музыкалық қошемет».**	Оқулық, 19-бет «Ұстаздарға қошемет» әні: https://qrmedia.kz/JF6bC
Сабақтың соңы (5 мин) **Бағалау**	Балдарды қорытындылайды.	Бағалау парағындағы балдарын қосып, __/10 нәтижесін шығарады.	**ҚБ: «10 балдық музыкалық қоржын».** Қосымша балл жоқ.	Бағалау парағы
Үйге тапсырма (1 мин)	**«Ұстаздарға қошемет»** әнін жаттау, музыкалық ұғымдарды қайталау	Әнді жаттайды, музыкалық ұғымдарды қайталайды.		Оқулық

Scanned with CamScanner

ҚБ әдістерін қолдану бойынша түсіндірме

«Жақсылық жүректен» – оқушы өлең мазмұнын жақсылық ұғымымен байланыстырып, өмірден бір мысал айтады.

«Екі әуен – екі образ» – екі музыкалық шығарма тыңдалады. Оқушы олардың көңіл күйі мен образын салыстырып, қайсысы жақсылықты бейнелейтінін түсіндіреді.

«Музыкалық салыстыру» – екі шығарманы жылдамдық, динамика, әуен, көңіл күй сияқты белгілер бойынша салыстырады.

«Нота қадамы» – оқушылар нотаның ұзақтығын қадаммен көрсетеді: бүтін – 4, жартылық – 2, төрттік – 1 қадам; сегіздік қысқарақ орындалады.

«ЖИ-ге нота кеңесі» – ЖИ нота ұзақтықтарын әдейі шатастырады. Оқушы қатесін тауып, дұрыс жауап береді.

«Әуенінен таны» – шығарманың атауы айтылмай, қысқа үзіндісі тыңдатылады. Оқушы оны интонациясы мен әуеніне қарап таниды.

«Ұстазға музыкалық қошемет» – әнді орындауда әуеннің дұрыстығы мен көркем образды жеткізу бағаланады.

ҚБ әдістерін қолдану бойынша түсіндірме

«Еңбек туралы бір ой» – оқушы «Еңбек адамға не береді?» сұрағына бір нақты ой мен мысал келтіреді.

«Музыкалық еңбек бейнесі» – шығарманы тыңдап, музыкада қандай еңбек әрекеті немесе көңіл күй бейнеленуі мүмкін екенін түсіндіреді.

«Ұғымды аяқта» – мұғалім: *«Оратория – бұл...»* деп бастайды, оқушы анықтаманы негізгі белгілерімен аяқтайды.

«Динамиканы көрсет» – мұғалім динамикалық белгі көрсетеді, оқушылар дауыс, шапалақ немесе аспап арқылы сол күште дыбыс шығарады. Мысалы, **pp – өте ақырын, ff – өте қатты**.

«ЖИ-ге динамика кеңесі» – ЖИ динамикалық терминдерді әдейі шатастырады. Оқушы қателерді тауып, дұрыс мағынасын түсіндіреді.

«Музыкалық толқын» – оқушылар шулы аспаптар арқылы дыбыс күшін біртіндеп күшейтіп немесе бәсеңдетіп, «толқын» жасайды. Оқулықта бұл ойын топпен **piano → crescendo** және кейін **diminuendo** бағытында орындау түрінде берілген.

«Екі жетістік, бір ұсыныс» – оқушы басқа топтың жұмысындағы **екі сәтті әрекетті** атап, **бір нақты жетілдіру ұсынысын** береді. Мысалы: *«Crescendo анық шықты және топ бірге орындады. Diminuendo-ны сәл бірқалыпты бәсеңдетуге болады».* Осылайша «жақсы болды» деген жалпы пікірдің орнына нақты музыкалық бағалау жасалады.

«10 балдық музыкалық қоржын» – әр сабақтың басында оқушыға бағалау парағы таратылады. Мұғалім әр тапсырмадан кейін дескриптор бойынша балын айтады, оқушы парағына белгілейді. Сабақ соңында **__/10** нәтижесі шығарылады: **9–10 балл** – оқу мақсатына сенімді жетті; **7–8 балл** – негізгі дағдыларды меңгерді; **5–6 балл** – қосымша жаттығу қажет; **0–4 балл** – қосымша қолдау қажет.

Scanned with CamScanner

Осы төрт ҚМЖ-да оқулықтағы сабақтардың өзара сабақтастығын да сақтадым: **жақсылық → достық → бірлік → еңбек** құндылықтары музыка арқылы біртіндеп ашылып, музыкалық білім жағынан **дыбыс ұзақтығы → ансамбль → ансамбль түрлері → динамика және шығармашылық жұмыс** бағытымен күрделене түседі.

Scanned with CamScanner

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Пәні:	Музыка, Алматыкітап	
Бөлім:	*Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен*	
Педагогтің аты-жөні	Жүсіп А.Қ.	
Күні:	07.10.2026ж	
Сынып: 3В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	***6-сабақ: Достық үні***	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.3.1 музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау және оларды орындауда қолдану; 3.1.3.3 музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату.	
Сабақтың мақсаты	• достық ұғымын музыка мазмұнымен байланыстырады; • ансамбль ұғымын түсінеді; • музыкалық шығарманың әуені, ырғағы, динамикасы, екпінін анықтайды; • ансамбльде бірін-бірі тыңдап орындаудың маңызын түсіндіреді; • музыкалық көркемдеуші құралдарды топтық орындауда қолданады.	
Құндылықтарға баулу	Достық, өзара көмек, сыйластық, ынтымақтастық, жауапкершілік.	

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	***Педагогтің әрекеті***	***Оқушының әрекеті***	***Бағалау***	***Ресурстар***
Сабақтың басы (5 мин) **Білу**	«Нағыз дос деп кімді айтамыз?» деп сұрайды. «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін тыңдатады.	Ертегідегі кейіпкерлер әрекетін талдайды. **Дескриптор:** достық пен көмектің маңызын түсіндіреді – **1 балл.**	**ҚБ: «Ауызша мадақтау».** **Саралау – диалог негізінде:** қолдауды қажет ететін оқушыларға «Кім көмектесті?», «Қай әрекет достықты білдіреді?» сияқты жетелеуші сұрақтар, ал дайын оқушыларға «Кейіпкердің әрекеті неліктен достыққа жатады?» деген түсіндіру сұрағы беріледі.	Оқулық, 20-бет Ертегі: https://www.youtube.com/watch?v=K769DSTW6Bo
Түсіну (6 мин)	Ертегідегі жағымды және жағымсыз әрекеттерді анықтатады.	Кейіпкерлер әрекетін салыстырады. **Дескриптор:** жақсы және жағымсыз әрекетті ажыратып, себебін түсіндіреді – **1 балл.**	**ҚБ: «Басбармақ».** **Саралау – нәтиже немесе жауап бойынша:** оқушы өз мүмкіндігіне қарай кейіпкер әрекетін атайды, салыстырады немесе оның себебін түсіндіреді.	Оқулық
Сабақтың ортасы **Қолдану** (8 мин)	**Ансамбль** ұғымын түсіндіреді. «Егер ансамбльдегі бір бала қате орындаса не	Ансамбль ұғымын анықтайды, бірге орындаудың ерекшелігін түсіндіреді.	**ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек».**	Оқулық, 21-бет

Scanned with CamScanner

	болады?» деп сұрайды.	**Дескриптор:** ансамбль ұғымын дұрыс түсіндіреді **– 1 балл.**		
	Оқулықтағы **«Досыңды тап»** музыкалық ойынын өткізеді. Бір оқушы дыбысты/ырғақты орындайды, екіншісі соған сәйкес жауап береді.	Бірін-бірі тыңдайды, берілген ырғақ пен динамиканы қайталайды. **Дескриптор:** берілген ырғақты дұрыс қайталайды **– 1 балл;** динамика/екпінді сақтайды **– 1 балл.** **Барлығы – 2 балл.**	**ҚБ: «Өзара бағалау».** Саралау – тапсырма бойынша: қолдауды қажет ететін оқушы қарапайым ырғақты қайталайды; дайын оқушы ырғақпен бірге динамика мен екпінді де сақтап орындайды.	Шапалақ, ұрмалы аспап
Талдау (10 мин)	**«ЖИ ансамбльді шатастырды!»** ЖИ: «Ансамбльде әркім өз қалауынша, өзгелерді тыңдамай орындай береді» дейді.	Қатені түзетіп, ансамбльде бірін-бірі тыңдау қажеттігін түсіндіреді. **Дескриптор:** қатені тауып, ансамбльдік орындау ережесін түсіндіреді **– 1 балл.**	**ҚБ: «Қошеметтеу».** Саралау – диалог негізінде: бір оқушы ЖИ жіберген қатені анықтайды, ал дайын оқушы ансамбльде бірін-бірі тыңдаудың неліктен маңызды екенін музыкалық ұғымдарды қолданып түсіндіреді.	ChatGPT 
Жасау (Жинақтау) (10 мин)	«Ұстаздарға қошемет» әнін қайталатады. Топтарға бөліп, бір топ әнді, екінші топ қарапайым ырғақтық сүйемелдеуді орындайды. Кейін ауыстырады.	Ансамбльмен орындайды. Әуен, ырғақ, екпін және динамиканы сақтайды. **Дескриптор:** өз партиясын дұрыс орындайды **– 1 балл;** көркемдеуші құралдарды орындауда қолданады **– 1 балл.** **Барлығы – 2 балл.**	**ҚБ: «Мадақтау».** Саралау – таңдау бойынша: оқушылар өз мүмкіндігіне қарай ән айту немесе қарапайым ырғақтық сүйемелдеу партиясын таңдайды. Жеке қолдау: ырғақты сақта	Ән, аспаптар «Ұстаздарға қошемет» әні: https://qrmedia.kz/JF6bC 
Сабақтың соңы (5 мин) **Бағалау**	«Ансамбльде орындалған шығарма несімен ерекше?» деп сұрайды.	Музыкалық ұғымдарды пайдаланып орындауды талдайды. **Дескриптор:** кемінде екі музыкалық ұғымды дұрыс қолданып талдайды **– 1 балл.**	**ҚБ: «Өзін-өзі бағалау».** **Саралау – дербестік пен жауапкершілік бойынша:** оқушы өз орындауын талдап, сәтті шыққан тұсын және келесі орындауда жақсартқысы келетін бір әрекетін өзі анықтайды.	
	Балдарды есептетеді.	**__/10** нәтижесін шығарады.	**«10 балдық музыкалық қоржын».**	Бағалау парағы
Үйге тапсырма (1 мин)	**«Музыканы зерттеймін»** тапсырмасын береді. Үйде өзіне ұнайтын бір әнді тыңдап, оның **екпінін**	Өзіне ұнайтын бір әнді тыңдайды. Оның **екпінін, динамикасын және көңіл күйін** анықтайды. Шығарманың жеке немесе ансамбльдік орындалуына		

Scanned with CamScanner

	(жылдам/баяу), динамикасын (қатты/ақырын) және көңіл күйін анықтауды тапсырады. Әнді бір адам орындай ма, әлде бірнеше орындаушы бірге орындай ма, соған да назар аударуды ұсынады. Келесі сабақта бақылауын қысқаша айтып беруге дайындалуды тапсырады.	назар аударады. Келесі сабақта музыкалық ұғымдарды қолданып, қысқаша сипаттауға дайындалады.		



Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Пәні:	Музыка, «Алматыкітап» баспасы	
Бөлім:	*«Жанды табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»*	
Педагогтің аты-жөні	Жүсіп А.Қ.	
Күні:	14.10.2026ж	
Сынып: 3В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	***7-сабақ: шығармашылық жұмыс***	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.2.1.1- музыкалық шығармашылық жұмыстар жасау үшін өз идеясын ұсыну; 3.3.1.1 – өз шығармашылық жұмысын көрсету, өзінің жәнеөзгелердің жұмыстарын бағалай білу.	
Сабақтың мақсаты	• табиғат пен адамгершілік құндылықтарын музыкамен байланыстырады; • музыкалық шығармашылық жұмысқа бірнеше идея ұсынады; • музыкалық көңіл күйді жеткізетін дауыс, ырғақ, екпін, динамика және тембрді таңдайды; • табиғат дыбыстары мен жақсылық идеясын байланыстырып, өзіндік музыкалық композиция құрастырады; • шығармашылық жұмысын сынып алдында көрсетеді; • өзінің және өзгелердің шығармашылық жұмыстарын бағалап, нақты пікір білдіреді.	
Құндылықтарға баулу	Мейірімділік, бірлік, достық, табиғатты аялау, ынтымақтастық, шығармашылық, жауапкершілік. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға, жақсылық жасауға, бірлескен шығармашылық жұмыста өзгені тыңдауға және ортақ нәтижеге жауапкершілікпен қарауға баулу.	

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	***Педагогтің әрекеті***	***Оқушының әрекеті***	***Бағалау***	***Ресурстар***
Сабақтың басы *Ұйымдастыру* (2 мин)	Музыкалық сәлемдесу өткізеді. **«Табиғаттың бір дыбысы»** жаттығуын ұйымдастырып, әр оқушыға жел, жаңбыр, құс, өзен, жапырақ т.б. табиғат дыбыстарының бірін дауысымен немесе қимылымен қысқаша бейнелеуді ұсынады.	Музыкалық сәлемдесуге қатысады. Табиғаттың бір дыбысын дауысымен, шапалақпен немесе дене қимылымен бейнелейді.	**ҚБ: ауызша мадақтау.** Мұғалім шығармашылық әрекетті қысқа қолдау сөздерімен ынталандырады. **Саралау – таңдау бойынша:** оқушы табиғат дыбысын және оны көрсету тәсілін өзі таңдайды.	Табиғат суреттері: 
Үй тапсырмасын тексеру (5 мин)	**«Бізді біріктіретін ән»** тәсілімен «Музыка адамдарды қалай біріктіреді?» үй тапсырмасын тексереді. 2–3 оқушыдан зерттеген әнін атап, **оны кімдер бірге орындайтынын және**	Зерттеген әнін таныстырады. Әнді кімдер бірге орындайтынын және оның адамдарды біріктіретін ерекшелігін 2–3 сөйлеммен түсіндіреді.	**ҚБ: өзара бағалау.** Жұптар бір-бірінің жауабын тыңдап, нақты айтылған бір ойды атап өтеді. **Саралау – диалог негізінде:** қажет оқушыға	Үй тапсырмасы


Scanned with CamScanner

	әннің адамдарды қалай біріктіретінін түсіндіруді сұрайды. Қалғандары жұпта бөліседі. «Музыканы бірге жасау үшін не қажет?» деген сұрақпен шығармашылық сабаққа өтеді.		«Кімдер айтады? Бірге орындағанда не сезінеді?» деген тірек сұрақтар беріледі.	
Сабақтың ортасы **Білу** (3 мин)	**«Екі бөлім – бір идея»** тапсырмасын өткізеді. «Жанды табиғат» және «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» бөлімдеріне қатысты **табиғат, қамқорлық, достық, еңбек, бірлік, жақсылық** сөздерін ұсынып, оларды екі бөліммен байланыстыруды сұрайды.	Өткен бөлімдердегі тақырыптарды еске түсіреді. Табиғат пен адамгершілікке қатысты ұғымдарды ажыратып, байланыстырады. **Дескриптор:** екі бөлімге қатысты музыкалық шығармашылық идеяларды дұрыс байланыстырады – **2 балл.**	**ҚБ: «Басбармақ».** Оқушылар жауаппен келіссе 👍, толықтыру қажет деп есептесе 👎 көрсетеді, мұғалім қысқа нақтылау береді. **Саралау – ресурс бойынша:** тірек сөздер мен суреттер ұсынылады.	Тірек сөздер, суреттер
Түсіну (4 мин)	**«Музыкамен қалай бейнелейміз?»** тапсырмасын береді. Бір табиғат жағдайын мысалға алады: *«Жаңбыр жауып тұр. Балалар кішкентай құсты жаңбырдан қорғайды».* «Жаңбырды қандай дыбыспен, ал мейірімді әрекетті қандай музыкалық сипатпен жеткізуге болады?» деп сұрайды.	Табиғат дыбысы мен адам әрекетін музыка арқылы жеткізу жолдарын ұсынады. Дыбыс, ырғақ, екпін немесе динамиканы сипатпен байланыстырады. **Дескриптор:** музыкалық құралдардың шығармашылық идеяны жеткізудегі қызметін түсіндіреді – **2 балл.**	**ҚБ: ауызша кері байланыс.** Мұғалім идея мен музыкалық құрал арасындағы байланысты нақтылайды. **Саралау – диалог негізінде:** қажет оқушы дайын музыкалық сипаттан таңдайды, дайын оқушы өзіндік шешімін түсіндіреді.	Шулы аспаптар
Қолдану (4 мин)	**«Табиғаттан – ырғаққа»** тапсырмасын ұйымдастырады. Оқушыларға жаңбыр, жел, құстар, жануарлар немесе су дыбысының бірін таңдап, **4 соққылы қысқа ырғақ** құрастыруды ұсынады. Оны шапалақ, дене перкуссиясы немесе аспаппен орындатады.	Табиғат дыбысын таңдап, оған сәйкес қысқа ырғақ ойлап табады және орындайды. **Дескриптор:** табиғат бейнесіне сәйкес ырғақ құрастырады – **1 балл;** идеясын орындау арқылы жеткізеді – **1 балл.** **Барлығы – 2 балл.**	**ҚБ: дескриптор бойынша ауызша кері байланыс.** Мұғалім ырғақтың таңдалған бейнемен сәйкестігін атап, қажет жағдайда бір ұсыныс береді. **Саралау – таңдау бойынша:** оқушы табиғат нысанын және ырғақты орындау құралын өзі таңдайды.	Шулы аспаптар
Талдау (4 мин)	**«Қай идея әсерлі?»** тапсырмасын береді. Екі шартты музыкалық идея	Екі шығармашылық идеяны салыстырады. Екі бөлімді де қамтитын	**ҚБ: жұптық тексеру.** Оқушылар шешімдерін жұбымен салыстырып,	Идея карточкалары:

Scanned with CamScanner

	ұсынады: **А)** табиғат дыбыстарын ғана қайталау; **Ә)** табиғат дыбысын адам жасаған жақсы әрекетті білдіретін музыкалық көңіл күймен байланыстыру. «Қайсысы екі бөлімнің мазмұнын толық біріктіреді? Неліктен?» деп сұрайды.	нұсқаны анықтап, себебін түсіндіреді. **Дескриптор:** музыкалық идеяларды салыстырып, шығармашылық жұмысқа тиімді шешімді анықтайды – **2 балл**.	бір-бірінің дәлелін толықтырады. **Саралау – нәтиже немесе жауап бойынша:** бір оқушы нұсқаны таңдайды, дайын оқушы оның артықшылығын түсіндіреді.	
Бағалау (3 мин)	**«Біздің музыкалық идеямыз»** тапсырмасын береді. Топтарға: **«Қандай табиғат көрінісін таңдаймыз? Қандай жақсы әрекетті көрсетеміз? Қандай дыбыстар қолданамыз? Композиция қалай басталып, қалай аяқталады?»** деген сұрақтар ұсынады.	Топ мүшелері бірнеше ұсыныстың талқылап, ортақ шығармашылық идеясын таңдайды. Музыкалық құралдары мен орындау ретін анықтайды. **Дескриптор:** музыкалық шығармашылық жұмысқа өзіндік идея ұсынып, оны жүзеге асыру тәсілін түсіндіреді – **1 балл**.	**ҚБ: ауызша кері байланыс.** Мұғалім идеяның екі бөлім тақырыбымен байланысына қысқа пікір береді. **Саралау – дербестік пен жауапкершілік бойынша:** топ шығармашылық идеясы мен орындау құралдарын өздігінен таңдап, ортақ шешім қабылдайды.	Жоспар сұрақтары, аспаптар
Жасау (14 мин)	**«Табиғат пен жақсылық үні»** шығармашылық жұмысын ұйымдастырады. Топтарға **20–30 секундтық шағын музыкалық композиция** құрастыруды ұсынады. Композицияда табиғаттың бір көрінісі мен жақсы қасиет/әрекет байланысуы керек. Дауыс, ырғақ, дене перкуссиясы, қимыл және шулы аспаптарды еркін таңдауға мүмкіндік береді. Дайын жұмыстарды көрсетіп, бағалауды ұйымдастырады.	Табиғат пен адамгершілік идеясын біріктіретін музыкалық композиция құрастырады. Топта рөлдерді бөлісіп, дауыс, ырғақ, динамика, қимыл немесе аспаптарды қолданады. Шығармашылық жұмысын сынып алдында көрсетіп, өзге топтардың жұмыстарын бағалайды. **Дескриптор:** өзіндік музыкалық идея ұсынады – **2 балл**; идеяны музыкалық құралдармен шығармашылық түрде жеткізеді – **1 балл**; шығармашылық жұмысын көрсетеді – **1 балл**; өзінің және өзгенің жұмысына нақты баға береді – **1 балл**. **Барлығы – 5 балл.**	**ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек».** Тыңдаушылар шығармашылық жұмыстың екі сәтті тұсын атап, бір жақсарту ұсынысын береді. **Саралау – таңдау бойынша:** оқушы топ ішінде дауыс, ырғақ, аспап, қимыл немесе идея ұсынушы рөлін өз мүмкіндігіне қарай таңдайды.	Шулы музыкалық аспаптар
Сабақтың	**«Менің шығармашылық үнім»** рефлексиясын	Өзінің топтық шығармашылық жұмысқа	**ҚБ: өзін-өзі бағалау.** Оқушы дескрипторлар	Бағалау парағы:

Scanned with CamScanner

соңы ***Кері байланыс, қорытынды*** (4 мин)	өткізеді. **«Біздің идеямыз...», «Мен топ жұмысына ... қостым», «Маған ... тобының ... ұнады», «Келесі жолы...»** сөйлемдерінің бірін толықтыруды ұсынады. Жинаған балдарын есептетіп, __/10 нәтижесін шығарады.	қосқан үлесін анықтайды. Өзінің және өзгенің жұмысы туралы пікір білдіріп, жинаған балдарын есептейді.	мен жинаған балдарына сүйеніп, шығармашылық әрекетін бағалайды. **Саралау – нәтиже немесе жауап бойынша:** ойын қысқа немесе толық дәлелмен жеткізе алады.	
Үйге тапсырма (1 мин)	**«Жақсылықтың дыбысы»** тапсырмасын береді. Үйде жасаған немесе көрген **бір жақсы әрекетті** таңдап, оны қандай музыкалық дыбыс, ырғақ немесе аспап үнімен бейнелеуге болатынын ойластыруды тапсырады. Келесі сабақта қысқаша көрсетуге дайындалуды ұсынады.	Бір жақсы әрекетті таңдайды. Оның көңіл күйін жеткізетін қысқа музыкалық идея ойластырып, дауыс, ырғақ немесе аспап арқылы көрсетуге дайындалады.	**ҚБ жүргізілмейді.** **Саралау – таңдау бойынша:** оқушы жақсы әрекетті және оны музыкалық бейнелеу тәсілін өзі таңдайды.	Қажет емес

14 балдың бөлінуі

№	Блум кезеңі		Балл
1	Білу	«Екі бөлім – бір идея»	1
2	Түсіну	«Музыкамен қалай бейнелейміз?»	2
3	Қолдану	«Табиғаттан – ырғаққа»	2
4	Талдау	«Қай идея әсерлі?»	2
5	Бағалау	«Біздің музыкалық идеямыз»	2
6	Жасау	«Табиғат пен жақсылық үні»	5
	Барлығы		14 балл

Scanned with CamScanner



Қай идея әсерлі?

А)



Табиғат дыбыстарын ғана қайталау

Ә)



Табиғат дыбысын адам жасаған жақсы әрекетті білдіретін музыкалық көңіл күймен байланыстыру

Қайсысы екі бөлімнің мазмұнын толық біріктіреді? Неліктен?

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

12 балдың бөлінуі

№	Блум кезеңі	Тапсырма	Балл
1	Білу	«Екі бөлім – бір идея»	1
2	Түсіну	«Музыкамен қалай бейнелейміз?»	2
3	Қолдану	«Табиғаттан – ырғаққа»	2
4	Талдау	«Қай идея әсерлі?»	2
5	Бағалау	«Біздің музыкалық идеямыз»	1
6	Жасау	«Табиғат пен жақсылық үні»	5
		БАРЛЫҒЫ	**12 балл**

Музыкалық тапсырмаларға арналған бағалау үлгісі

Scanned with CamScanner